

**«БЕКІТЕМІН»**  
**КР ЕЖБМ «ҰЛТЫҚ тестілеу**  
**орталығы» РМКК директоры**  
**Р. Г. Емельбаев**  
**«...» 2023 ж.**

**«Электротехника» пәні бойынша Педагогтердің білімін бағалауға арналған**  
**тест спецификациясы**  
**(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

**1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттесттаттау барысында Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** «07140400 - Робототехника және кірістірілетін жүйелер (салалар бойынша)» мамандығына, 3W07140401 - Кірістірілетін жүйелердің монтаждауышы-реттеушісі, 3W07140402 - Робототехникалық жүйелер мен кешендердің монтаждауышы-реттеушісі, 4S07140403 - Мобильді робототехника технигі, 4S07140404 - Өнеркәсіптік робототехника технигі, 4S07140405 - Кірістірілетін жүйелер технигі біліктіліктеріне арналған «Электротехника» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

<b>№</b>	<b>Тақырып</b>	<b>№</b>	<b>Тақырыпша</b>
01	Электростатика негіздері	01	Электрлік өріс. Электрлік сыйымдылық
02	Тұрақты токтың электр тізбектері	02	Тұрақты токтың электр тізбегі. Тұрақты ток зандары
03	Электромагнетизм	03	Магнит өрісі. Электромагниттік индукция
04	Айнымалы токтың электр тізбектері	04	Бір фазалы айнымалы электр тізбектері. Үш фазалы айнымалы электр тізбектері
05	Электрлік өлшеулер мен аспаптар	05	Электрлік өлшеулер. Өлшеу аспаптары
06	Электр машиналары және трансформаторлар	06	Трансформаторлар. Айнымалы ток электр машиналары. Тұрақты ток электр машиналары

Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).

**4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

**Электростатика негіздері:** Элементар бөлшектер және олардың электромагниттік өрісі. Электр заряды. Электромагниттік өріс оның компоненттері материяның ерекше формасы. Электр өрісі. Тұрақты токтың электр тізбектеріндегі физикалық процесстер. Кулон Заңы. Электр өрісінің негізгі сипаттамалары: кернеулік, электрлік потенциал, электр кернеуі. Электр өрісіндегі өткізгіштер. Әр түрлі ортадағы электр тогы. Электр сыйымдылығы. Конденсаторлар. Конденсаторлардың қосылыстар. Электр өрісінің энергиясы.

**Тұрақты токтың электр тізбектері:** Электр тізбектері: оның элементтері, түсінігі, жіктелуі, шартты белгіленуі. Электрқозғауышы құші. Электр тізбегінің электр кедергісі мен өткізгіштілігі, энергиясы мен қуаты. Ток көздері, түрлері, сипаттамалары, өлшем бірліктері. Тұрақты токтың электр тізбектерінің элементтері. Ом зандары. Электр тізбектерінің жұмыс режимдері. Электр тізбектерін есептеу. Кирхгоф зандары. Резисторлар. Олардың қосылу тәсілдері. Жалпы кедергі, кернеу, ток күшінің шамаларын есептеу: тізбекті қосылу кезінде; параллель қосылу кезінде; аралас қосылу кезінде. Электр энергиясын энергияның басқа түрлеріне түрлендіру. Джоуль –

Ленц заңы.

**Электромагнетизм:** Заттардың магниттік қасиеттері. Магнитті материалдардың сипаттамасы. Магниттік тізбектердің жіктелуі, элементтері және сипаттамалары. Магниттік тізбектің негізгі заңдары. Электр тогының магнит өрісі: түсінігі, сипаттамалары, өлшем бірліктері. Магниттік тізбек: түсінігі, жіктелуі, өлшем бірліктері. Магнит өрісіндегі ток өткізгіш. Магниттік индукция. Гистерезис. Электромагниттік индукция: түсінігі, оң қол ережесі, Максвелл ережесі, Ленц ережесі. Өздік индукция. Индуктивтілік: түсінігі, қолданылуы. Өзара индукция: түсінігі, қолданылуы.

**Айнымалы токтың электр тізбектері:** Айнымалы ток: түсінігі, алу, өлшем бірліктері. Айнымалы токтың сипаттамалары. Толқынды және векторлы диаграммалар. Айнымалы ток тізбегіндегі белсенді кедергі. Айнымалы ток тізбектегіндегі индуктивті катушка. Айнымалы ток тізбегіндегі сыйымдылық. Белсенді және индуктивті кедергісі бар айнымалы ток тізбегі. Белсенді және сыйымдылықты кедергісі бар айнымалы ток тізбегі. Айнымалы ток қуаты: түрлері, өлшем бірліктері. Қуат коэффициенті. Үш фазалы электр тізбектері: түсінігі, алынуы, сипаттамалары. Үш фазалы генератор орамаларының қосылуы. Үш фазалы токтың қуаты.

**Электрлік өлшеулер мен аспаптар:** Электрлік өлшеулердің түрлері мен әдістері (тікелей және жанама). Өлшеу қателіктері. Электрлік өлшеу құралдарының негізгі сипаттамалары. Электр өлшеу құралдарының жіктелуі. Магнитоэлектрлік жүйенің аспаптары, электромагниттік жүйенің аспаптары, электродинамикалық жүйенің аспаптары, индукциялық жүйенің аспаптары, электростатикалық жүйенің аспаптары, термоэлектрлік жүйенің аспаптары. Аналогты электронды құрылғылар. Сандық электрондық құрылғылар: вольтметр, мультиметр, жиілік өлшегіш, фазометр.

**Электр машиналары мен трансформаторлар:** Трансформатордың жұмыс әрекеті және құрылымы. Жұмыс режімдері. Бір фазалы трансформаторлар. Үш фазалы трансформаторлар. Трансформация коэффициенті. Автотрансформаторлар. Өлшеу трансформаторлары. Электр машиналарының атқаратын жұмысы және жіктеулери. Тұрақты ток генераторлары. Тұрақты ток қозғалтқыштары. Асинхронды машиналар. Синхронды машиналар. Синхронды машиналар. Синхронды генератор. Синхронды қозғалтқыш.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы:** Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 25 %; орташа деңгейде (B) – 50 %; жоғары деңгейде (C) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары негұрлым құрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың құрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, құрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 2 – 2,5 минутты құрайды.

**8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. В.Ш. Берикашвили, «Электроника негіздері», 2019ж.

2. В.А. Панфилов, «Электрлік өлшеу», 2019ж.
3. Г.В. Ярочкина, «Электротехника», 2020ж.
4. Г.В. Ярочкина, «Электротехника бойынша бақылау материалдары», 2020ж.
5. Л.И. Фуфаева, «Электртехникадан тәжірибелік есептер жинағы», 2021ж.
6. Е.М. Соколова, «Электрлік және электрмеханикалық жабдық», 2022ж.
7. М.М. Кацман, «Электро жетек», 2022ж.

**«КЕЛІСІЛДІ»**

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті

*Асқар Нұрғалиев*

(қолы)

(Т.А.Ә)

«\_\_\_» 2023 ж.

*Г.Нұрғалиев*  
*Асқар Нұрғалиев*